

Kazakh transcript:

Кітапханалардың жалпы орналасуы, жалпы жұмысы біз жақта басқа. Мысалы, мен кітапханаға келдім. Кітапханада сіз кітапхана билетін аласыз. Онда сіздің суретіңіз жапсырылады, аты-жөніңіз, мекен-жайыңыз. Содан кейін, сіз кітапханаға келгеннен кейін, заттарыңызды бәрін тапсырасыз, сыртқы киіміңізді шешіп гардеробқа тапсырасыз, гардероб болса. Үлкен қолға ұстайтын сумкаларыңызды қалтырасыз. Үлкен кітапханада көп залдар, кішкентай ауылдың кітапханасында залдары аздау, бірақ бірнеше залдар болады. Сол залдардың ішінде сіз каталог табасыз да, каталог бойынша керек кітапті іздейсіз. Керек кітапті каталог бойынша табасыз да бір бетке сол кітаптың атын, шифрын жазып, кітапханада істейтін жұмысшыға әкеліп көрсетесіз. Ол кісі сіздің заказыңызды алады да қай уақытта сіздің заказыңыз дайын болады деп айтады. Көбінесе бір сағат уақыттың ішінде сіздің заказыңыз дайын болады. Содан кейін сіз келіп жаңағы кітабыңыз орында болса, сол кітабыңызды алып, не болмаса, кітапхананың ішінде оқисыз, не болмаса, үйге аласыз. Кейбір кітаптарды үйге алуға рұқсат етілмейді. Ол, мысалы, саны аз кітаптар болса, не болмаса, өте асыл кітаптар болса, ол кітаптарды сіз үйге алалмайсыз, тек қана сол кітапханада оқисыз. Көбінесе көп кітаптарды үйге алуға болады, бірақ сіз оны бір уақытқа аласыз. Содан кейін сол уақыт өткеннен кейін, кітапты әкеліп тапмырасыз. Ал мысалы кітапхананың ішінде жүріп, жаңағы кітап тұратын полкадан өзіңіз кітап қарап іздемейсіз. Ол үшін кітапханада істейтін жұмысшы өзі барып тауып әкеледі.

English translation:

The general principle and function of the library is different (from the US). For example, I come to the library. In the library you get a reader's permit card. On the card are your photo, your last and first name, and address. Then, once you get to the library you turn in your things, outerwear; you take it off and check it in at a coat check, if there is one. You leave your large handbags there too. In the large libraries there are many reading rooms; in smaller village libraries there are fewer, but still at least a couple. In these reading rooms, you find a catalog, according to which you look for the book you need. You find the right book through the catalog and write down its name on a piece of paper, write its code, and take it to the librarian. The librarian takes your order and tells you when your order will be ready. In most cases, the orders are done within an hour. Then, if your book is available you take it, and, either read it inside the library or check it out to take it home. Some of the books are not allowed to be checked out. For example, these are books that are rare, or if it's a very valuable book you can't take it home, can only read it inside the library. Then, you bring the books back when they are due. For example, you don't walk among the shelves and don't look for your book. For that, the person that works in the library goes and finds the book him/herself and brings it to you.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated